

# Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

FinePower



**FinePower OneBase  
CRHBR11K  
перфораторы**

# Содержание

<b>Сақтық шаралары .....</b>	<b>5</b>
Аккумуляторлы батареямен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар (Li-pol/Li-ion) ..	7
<b>Құрылғы схемасы .....</b>	<b>9</b>
<b>Құрылғыны пайдалану .....</b>	<b>10</b>
Батареяны орнату/алып шығу .....	10
Жұмыс режимін таңдау .....	10
Айналу бағытын ауыстыру .....	10
Жарықдиодты шам .....	10
SDS-plus жұмыс құрал-сайманын пайдалану .....	11
<b>Техникалық сипаттамалары .....</b>	<b>11</b>
<b>Толымдалуы .....</b>	<b>12</b>
<b>Қызмет және күтім көрсету .....</b>	<b>12</b>
<b>Ықтимал проблемалар және оларды шешу .....</b>	<b>12</b>
<b>Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары .....</b>	<b>13</b>
<b>Қосымша ақпарат .....</b>	<b>13</b>

# Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастама бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

**Құрылғы мақсаты:** перфоратор — бұл кірпіш, бетон, тас, ағаш және металлда тесіктерді бұрғылау және ұңғылау құрылыс құрал-сайманы.

## Сақтық шаралары

- Барлық қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқауларды және барлық нұсқаулықтарды оқыңыз. Барлық нұсқаулар мен нұсқаулықтарды қадағаламау электр тогының соғуына, өртке және/немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Барлық нұсқаулар мен нұсқаулықтарды кейінірек пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулардағы "электр құрал-сайманы" термині электр желісінен (кабельмен) немесе аккумулятордан (кабельсіз) жұмыс істейтін электр құрал-сайманына қатысты.
- Жұмыс орнында тазалық пен жеткілікті жарықтандыру деңгейін сақтаңыз. Былғы және жарықтың нашарлығы жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Электрлі құрал-сайманы жарылыс қаупі бар ортада, мысалы, өртену қаупі бар сұйықтық, газ немесе шаң бар жерде пайдаланбаңыз. Электрлі құрал-сайманы жұмыс істеп тұрған кезде шаң немесе булануды тұтататын ұшқындар пайда болады.
- Электрлі құрал-сайманы жұмыс істеу кезінде балалар мен сыртқы бақылаушылар қауіпсіз қашықтықта болуы тиіс. Назардың басқаға аударылуы құрал-сайманды бақылаудың жоғалуына әкелуі мүмкін.
- Әрқашан желідегі кернеудің техникалық деректер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Электрлі құрал-сайманның штепсельдері желілік розеткаға сәйкес келуі керек. Еш жағдайда штепсельді өзгертпеңіз. Жерге тұйықталған электрлі құрал-саймандармен кез-келген адаптерді пайдаланбаңыз. Түпнұсқа штепсельдер мен оларға сәйкес келетін желілік розеткалар электр тогының соғу қаупін азайтады.
- Дененің ашық жерлерімен жерге тұйықталған бет үстілерге, мысалы, құбырларға, радиаторларға, ас үй плиталарына және тоңазытқыштарға жанаспаңыз. Дене жерге тұйықталған кезде электр тогының соғу қаупі артады.
- Электрлі құрал-саймандарды жауын-шашынның немесе ылғалды ортаның әсеріне шалдықтырмаңыз. Электрлі құрал-сайманға су түскен кезде, электр тогының соғу қаупі артады.
- Кабельді дұрыс пайдаланыңыз. Құрал-сайманды тасымалдау, тарту немесе желілік розеткадан ажырату үшін еш жағдайда кабельді пайдаланбаңыз. Кабельді жылу көздерінен, мұнай өнімдерінен, өткір заттардан және қозғалмалы бөліктерден алыс сақтаңыз. Зақымданған немесе оралған кабельдер электр тогының соғу қаупін арттырады.
- Электрлі құрал-сайманмен орынжайдан тыс жұмыс істеу кезінде орынжайдан тыс пайдалануға арналған ұзартқыш сымды пайдаланыңыз.

Орынжайдан тыс жұмыс істеуге арналған сымды пайдалану электр тогының соғу қаупін азайтады.

- Егер электрлі құрал-сайманмен ылғалды жағдайда жұмыс істеу керек болса, токты қорғап ажырату (ҚАҚ) құрылғысын пайдаланыңыз. ҚАҚ пайдалану электр тогының соғу қаупін азайтады.
- Абай болыңыз, өз іс-қимылдарыңызды қадағалаңыз және электрлі құрал-саймандармен жұмыс істеген кезде ақыл-ойды басшылыққа алыңыз. Егер шаршасаңыз немесе алкоголь не дәрі-дәрмек қабылдасаңыз, электрлі құрал-сайманды пайдаланбаңыз. Электрлі құрал-саймандармен жұмыс жасау кезінде шоғырланудың бір секундқа жоғалуы ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз. Әрқашан қорғағыш көзілдірік киіп отырыңыз. Қорғаныс құралдары, атап айтқанда шаңға қарсы респиратор, табаны тайғанамайтын аяқ киім, қорғағыш каска немесе тиісті жағдайларда қолданылатын есту органдарын қорғау құралдары жарақат алу қаупін азайтады.
- Аппараттың байқаусызда қосылуына жол бермеңіз. Желіге қосудан бұрын, ажыратқыштың сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Саусағыңызбен ажыратқышты басып тұрып электрлі құрал-сайманның орнын ауыстыру немесе ажыратқыш қосулы болғанда электрлі құрал-сайманды желіге қосу апатқа әкелуі мүмкін.
- Электрлі құрал-сайманды қосудан бұрын барлық реттеу немесе сомын кілттерін алып тастаңыз. Электрлі құрал-сайманның айналмалы бөлігінде қалған кілт жарақат келтіруі мүмкін.
- Шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Үнемі тұрақтылық пен тепе-теңдікті сақтаңыз. Бұл күтпеген жағдайларда электрлі құрал-саймаедеы жақсы басқару мүмкіндігін береді.
- Тиісті түрде киініңіз. Кең киім киюге немесе зергерлік бұйымдарды тағуға болмайды. Шашты, киім мен қолғапты қозғалмалы бөліктерден алыс ұстаңыз. Кең киім, зергерлік бұйымдар немесе ұзын шаш электрлі құрал-сайманның қозғалмалы бөліктерінде қысылып қалуы мүмкін.
- Егер шаңды кетіруге және жинауға арналған құрылғылар көзделсе, олардың қосылғанына және тиісті пайдаланылатынына көз жеткізіңіз. Мұндай құрылғыларды пайдалану шаңнан болатын қауіпті азайтуы мүмкін.
- Электрлі құрал-сайманды шамадан тыс жүктемеңіз. Электрлі құрал-сайманды тағайындалуына сәйкес қолданыңыз. Дұрыс таңдалған құрал-сайман тағайындалған режимде жұмысты жақсырақ және сенімді жасайды.
- Ажыратқышы ақаулы электрлі құрал-сайманды пайдаланбаңыз. Ажыратқышпен басқаруға болмайтын кез-келген электрлі құрал-сайман қауіпті және жөндеуге жатады.
- Электрлі құрал-саймандарды реттеу, ауыстыру немесе сақтаудан бұрын штепсельді қуат көзінен ажыратыңыз. Мұндай сақтық шаралары электрлі құрал-сайманның байқаусызда қосылу қаупін азайтады.
- Электрлі құрал-сайманды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және электрлі құрал-сайманмен немесе осы нұсқаулықпен таныс емес адамдарға онымен жұмыс істеуге жол бермеңіз. Электрлі құрал-саймандар дайын емес пайдаланушылардың қолында қауіпті.
- Электрлі құрал-саймандарды дұрыс сақтаңыз. Қозғалмалы бөліктердің ығысуы немесе айқасып қалуы, бөлшектердің зақымдануы немесе электрлі құрал-саймандардың жұмысына әсер етуі мүмкін басқа жағдайлардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Егер зақымдар болса, қолданудан бұрын электрлі құрал-сайманды жөндеңіз. Жазатайым оқиғалардың көбі электрлі құрал-саймандарға тиісті түрде қызмет көрсетпеу салдарынан болады.

- Кескіш құралдарды өткір және таза күйде сақтаңыз. Өткір кескіш жиектері бар дұрыс қызмет көрсетілетін кескіш құралдар айқасып қалмайды және жеңіл басқарылады.
- Орындалатын жұмыстың шарттары мен сипатын ескере отырып, электрлі құрал-сайманды, керек-жарақтарды, ұштықтарды және т.б. осы нұсқаулықтарға және электрлі құрал-сайманның нақты түрінің тағайындалуына сәйкес пайдаланыңыз. Электрлі құрал-сайманды мақсатына сәйкес пайдаланбау қауіпті болуы мүмкін.
- Электрлі құрал-сайманға тек ұқсас қосалқы бөлшектерді қолдана отырып жөндейтін білікті маман техникалық қызмет көрсетуі тиіс. Бұл электрлі құрал-сайманның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Перфораторды пайдаланған кезде есту органдарын қорғау құралдарын және бетті қорғау үшін бетперде кию керек. Шудың әсері есту қабілетінің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Жұмыс істеп тұрған электрлі құрал-сайманды қараусыз қалдырмаңыз. Құралды әрдайым сөндіріп отырыңыз және толық тоқтағанға дейін қоймаңыз.
- Ұзын шашты бас киіммен жабу керек. Бос киіммен жұмыс жасамаңыз.
- Қабырғаларда жұмыс жасағанда абай болыңыз. Электр, газ беру желілері немесе су құбырларының зақымдануы қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін. Жұмыс аймағында жасырын электр сымдарының немесе құбырлардың болуын анықтау үшін тиісті детекторларды қолданыңыз.
- Желідегі кернеу құрылғының паспорттық тақтайшасында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Өңделетін дайындаманы бекітіңіз. Дайындама қысқыш құрылғылармен немесе қыспақтармен ұсталып тұрса, сенімді бекітілген.
- Ұзартқыш кабельдерді қолдану. Құрал-сайманды қуаттауға арналған ұзартқыштарды ғана қолданыңыз. Сымның ең үлкен қимасы 1,5 мм<sup>2</sup> болуы керек. Кабельдік шарғыларды қолданған кезде кабель әрқашан толығымен бос болуы керек.
- Бұрғыны ауыстырудан бұрын әрқашан розеткадан желі айырын суырып отырыңыз.  
Назар аударыңыз: бұрғылар өте ыстық болуы мүмкін.
- Бұрғылар өткір және жақсы күйде болуы керек. Жарылған және сынған бұрғыларды дереу ауыстырыңыз.
- Перфоратормен ақырын және бірқалыпты жұмыс жасаңыз. Осылайша, жазатайым оқиғаларға жол бермеуге және бұрғылар мен перфоратордың қызмет ету мерзімін ұзартуға болады.

**Назар аударыңыз!** Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілгендерден немесе ұсынылғандардан басқа кез келген керек-жарақтарды немесе құрылғыларды пайдалану жарақат алу қаупін тудыруы мүмкін.

## **Аккумуляторлы батареямен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар (Li-pol/Li-ion)**

- Аккумуляторды өндіруші көрсеткен зарядтау құрылғысымен ғана зарядтаңыз. Аккумулятордың бір түріне сәйкес келетін зарядтау құрылғысы басқа аккумулятор блогымен бірге қолданылған кезде өртке әкеп соқтыруы мүмкін. Электрлі құрал-сайманды тек арнайы жасалған аккумулятормен пайдаланыңыз.
- Аккумулятор блогы пайдаланылмаған кезде, оны қағаз қыстырғыштар, монеталар, кілттер, шегелер, бұрандалар немесе басқа кішкентай металл заттар сияқты металл заттардан бөлек сақтаңыз, бұл аккумулятор блогының контактілерінің қысқа тұйықталуына әкеп соқтыруы мүмкін. Аккумулятор блогының контактілерінің қысқа тұйықталуы күйікке немесе өртке әкелуі мүмкін.

- Егер қажетті жағдайлар сақталмаса, аккумулятордан сұйықтық ағып кетуі мүмкін, оған тиіспеуге тырысыңыз. Кездейсоқ тиіп қалған кезде терінің бетін сумен жуып-шайыңыз. Егер сұйықтық көзге түссе, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Аккумулятор блогының ішіндегі құрам тітіркендіруі және күйікке әкелуі мүмкін.
- Зақымданған немесе кез-келген түрде өзгертілген аккумуляторды пайдаланбаңыз.
- Аккумулятор блоктарын немесе құрал-саймандарды отқа немесе шамадан тыс температураға шалдықтырмаңыз. Оттың немесе 130 °C-тан жоғары температураның әсері жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін.
- Аккумулятор блоктарын зарядтау бойынша барлық нұсқауларды орындаңыз. Нұсқаулықта көрсетілген, температураның мәні қолайсыз болғанда аккумуляторларды немесе құрал-саймандарды зарядтамаңыз.
- Келесі жағдайларда аккумуляторларды ажыратыңыз:
  - перфоратормен жұмыс істеуді тоқтатқан сайын;
  - перфораторды тексеру немесе тазалаудан бұрын;
  - электрлі құрал-сайманды сақтау кезінде;
  - перфоратор ерекше діріл шығара бастаған жағдайда.

## Қызмет көрсету

- Электрлі құрал-сайманға техникалық қызмет көрсетуді білікті маман жүргізуі, сондай-ақ ауыстыру үшін түпнұсқа бөлшектерді пайдалануы керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** еш жағдайда зақымданған аккумулятор блоктарын пайдаланбаңыз! Аккумуляторлық блоктарға тек өндіруші немесе авторизацияланған сервис орталығы қызмет көрсете алады.

## Аккумуляторлық блоктарға арналған зарядтау құрылғыларын пайдалану бойынша нұсқаулық

- Зарядтау құрылғыларын жаңбырдан/ылғалдан алыс ұстаңыз. Зарядтау құрылғысына судың түсуі электр тогының соғу қаупін арттырады.
- Қолданудан бұрын әрдайым зарядтау құрылғысын, кабельді және айырды тексеріп отырыңыз. Ақаулар анықталған кезде зарядтау құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Балаларға, сондай-ақ өз әрекеттерін бақыламайтын және осы нұсқаулықпен таныспаған тұлғаларға зарядтау құрылғысын пайдалануға бермеңіз.

## Бұйымның қызмет ету мерзімі

Бұйымның қызмет ету мерзімі-2 жыл.

Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулықтың талаптарын сақтаған кезде жарамды болады.

## Сыни істен шығулардың тізбесі

- Қатты ұшқынмен қолдануға болмайды.
- Қатты діріл пайда болған кезде пайдаланбаңыз.
- Сынған немесе ашық электр кәбілімен пайдалануға болмайды.
- Бұйымның корпусынан тікелей түгін пайда болған кезде пайдалануға болмайды.

## Персоналдың ықтималды қате әрекеттері

- Зақымдалған тұтқамен немесе зақымдалған қорғаныш қаптамасымен пайдалануға болмайды.
- Жаңбыр кезінде ашық кеңістікте қолдануға болмайды.
- Корпусқа су кірген кезде қоспаңыз.



## Шекті күйлердің өлшемдері

- Электр кәбілі қажалған немесе зақымдалған.
- Бұйымның корпусы зақымдалған.

## Құрылғы схемасы



1. SDS-plus патроны.
2. Жұмыс режимдерін ауыстырып қосқыш.
3. Айналу бағытын ауыстырып қосқыш.
4. Артқы тұтқа.
5. Жылдамдықты реттейтін қосқыш батырмасы.
6. Алдыңғы тұтқа.
7. LED-жарықтандыру.

# Құрылғыны пайдалану

## Батареяны орнату/алып шығу

Орнату: аккумуляторды шертпекке дейін электрлі құрал-сайманға орнатыңыз. Алып шығу: аккумулятор блогындағы бекіткіш түймесін басып, құрылғыдан алып шығыңыз.

**Ескерту:** қолданудан бұрын аккумулятор толығымен заряд алуы керек. Жақында зарядтан алынған және әлі салқындамаған аккумуляторды пайдаланбаңыз.

## Жарықдиодты шам


Кіріктірілген жарықтандыру жабық және жеткілікті жарықтандырылмаған орынжайларда сапаны төмендетпей жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жылдамдықты ауыстырып қосу шүріп-песіне басқан кезде LED-жарықтандыру автоматты түрде қосылады.



## Жұмыс режимін таңдау

Бұрғылау және соққымен бұрғылау режимдерін ауыстыру:

- Жұмыс режимдерін ауыстырып қосқышта бұғаттау батырмасы бар.
- Бұғаттау батырмасын ұстап тұрып, ауыстырып қосқышты "А" қалыбына (бұрғылау режимі) немесе "В" қалыбына дейін (соққымен бұрғылау режимі) айналдырыңыз.



## Айналу бағытын ауыстыру

Айналу бағытын ауыстырғыш арқылы айналу бағытын сағат тілі бойынша немесе сағат тіліне қарсы орнатуға болады.


- Электрді құрал-сайманды сөндіріп, айналу бағытын ауыстырғышты оң немесе сол жақ қалыпқа орнатыңыз.
- Ауыстырып қосқыш сол жақ қалыпқа орнатылған кезде, айналу сағат тілімен орындалады.
- Ауыстырып қосқыш оң жақ қалыпта орнатылған кезде, айналу сағат тіліне қарсы орындалады.
- Жұмысты бастаудан бұрын, ауыстырып қосқыштың қажетті қалыпта орнатылғанына көз жеткізіңіз. Жұмыс құрал-сайманы айналу толығымен тоқтатқанға дейін айналу бағытын өзгертеңіз.



## SDS-plus жұмыс құрал-сайманын пайдалану

Бұл құрал-сайман SDS-plus патронымен жабдықталған.  
Біз тек кәсіби керек-жарақтарды пайдалануды ұсынамыз.

1. Патронның жалғастырғышын артқа тартып, ұстап тұрыңыз.
2. Бұрғы сағасын патронға орнатып, саға берік бекітілгенге дейін бұраңыз.  
**Назар аударыңыз:** әр қолданудан бұрын бұрғының сағасын тазалаңыз және майлаңыз. Шаңнан қорғайтын қалпақтың бүтіндігін қадағалаңыз, шаң мен қоқыстың патронға түсуі жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.
3. Бұрғыны алып шығу үшін патронның жалғастырғышын артқа тартып, оны картриджден алып шығыңыз.



## Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	CRHBR11K
Кернеуі	20 В
Сауда белгісі	FinePower
Айналымдар	0-900 айн/мин
Соққылар	0-5000 соққы/мин
Ең жоғарғы соққы энергиясы	1,1 Дж
Патрон түрі	SDS-plus
Бұрғының ең үлкен диаметрі: бетон / болат / ағаш	12 / 8 / 16 мм
Көмескі жарық	бар
Дыбыс қысымының деңгейі (дБ(А), К=3 дБ(А))	76,4
Дыбыс қуатының деңгейі (дБ(А), К=3 дБ(А))	87,4
Діріл деңгейі (м/с <sup>2</sup> , К=1,5 м/с <sup>2</sup> )	10,07
Шаңнан қорғау дәрежесі	IP20
Электр тогының зақымдануынан қорғау класы	II
Құат кәбілін бекіту түрі	Y

Батареяның номиналды жұмыс уақыты, мин:	
B40 4.0 А*сағ	≥ 50 мин

\* Аккумулятор толық зарядталған жағдайда құрылғының шағын жүктеме режимінде шамамен жұмыс істеу уақыты.

## Толымдалуы

- Құрылғы.
- Li-ion B40 аккумуляторы 4 А•сағ.
- С135 қуаттау құрылғысы.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Буралар: 6 x 150 мм, 8 x 150 мм.
- Пластикалық кейс.

## Қызмет және күтім көрсету

- Осы электрлі құрал-сайман ең аз техникалық қызмет көрсету кезінде ұзақ уақыт жұмыс істеуге арналған. Құрал-сайманның қызмет ету мерзімі мен сенімділігі дұрыс күтім көрсету және үнемі тазалау кезінде артады.
- Жарақаттануға жол бермеу үшін, керек-жарақтарды орнатудан және бөлшектеуден, баптауларды орындаудан немесе өзгертуден бұрын, құрал-сайманды сөндіріп, оны қуат көзінен ажыратыңыз. Іске қосатын ажыратқыштың батырмасы "СӨНД." қалыбында болуына көз жеткізіңіз. Құрал-сайманды байқаусызда іске қосу жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Жұмыс аяқталған сайын құрал-сайманның корпусын және желдеткіш саңылауларын кір мен шаңнан жұмсақ шүберекпен немесе майлықпен тазалау ұсынылады. Тұрақты ласты сабындалған жұмсақ шүберекпен жою ұсынылады. Ласты жою үшін еріткіштерді қолдануға болмайды: бензин, спирт және т.б. Еріткіштерді қолдану құрал-сайманның корпусын зақымдауы мүмкін.
- Патрон зақымданған немесе тозған болса, дереу ауыстырыңыз, себебі құрылғыға шаңның түсуі оның жұмысындағы ақауларға әкелуі мүмкін.

## Ықтимал проблемалар және оларды шешу

Проблеманың сипаттамасы	Ықтимал себеп	Ықтимал шешім
Электрлі құрал-сайман жұмыс істемейді.	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қуат элементі разрядталған.</li><li>2. Айналу бағыты таңдалмаған.</li><li>3. Қуат көзінің элементі ақаулы немесе зақымдалған.</li></ol>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қуат элементін қайта зарядтаңыз.</li><li>2. Айналу бағытын таңдаңыз.</li><li>3. Қуат көзінің элементін ауыстырыңыз.</li></ol>
Электрлі құрал-сайманның қозғалтқышы баяу жұмыс істейді / айналу санын жоғалтады.	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қуат элементі разрядталған.</li><li>2. Қуат көзінің элементі ақаулы немесе зақымдалған.</li></ol>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қуат элементін қайта зарядтаңыз.</li><li>2. Қуат көзінің элементін ауыстырыңыз.</li></ol>
Қуат көзінің элементі зарядталмайды / зарядтау құрылғысының жарық индикаторы жұмыс істемейді.	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Сақтандырғыш істен шықты.</li><li>2. Зарядтау құрылғысы ақаулы.</li></ol>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Сақтандырғышты ауыстырыңыз.</li><li>2. Зарядтау құрылғысын ауыстырыңыз.</li></ol>

# Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушының және тұтынушының жылытылатын орынжайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада сақталуы керек. Орынжайларда жегідені тудыратын агрессияшыл қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғы мұқият пайдалануды қажет етеді, оны кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіледі. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, табиғи ресурстарды үнемдеуге көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірілуіне жол бермейсіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.



## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Нинбо Лянъе Электрик Эпплайнсис Ко., Лтд.

Цяньхоучэнь ауылы, Юньлун, Иньчжоу ауданы, Нинбо қаласы, Чжэцзян провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, эд. 12, Казахстан.

**Импорртаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 010/2011 "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы".
- КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі".



Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары, толымдаушылары пайдаланушының алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілді мерзім ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілді мерзім бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілді қызмет көрсетуге кепілді мерзім ішінде тұтынушының кесірінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілді мерзім: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 48 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://finepower.ru/page/dynamic/support/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) үшін қуат элементтері (батареялары).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған ауыстырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, "HANDS-FREE" құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жабдықтау (БЖ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін көтермейді:**

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге де мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы басшылығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу қағидаларын (бұйымның өзіне, оған байланысты бұйымдарға сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар көтерген ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: бұйымды пайдалану кезінде алынған жарықшақтар, жарықтар, деформациялар, жаншылулар, жапырылулар және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ тұлғалардың бөгде модификация, рұқсатсыз жөндеу іздері болса. Егер ақау бұйым конструкциясы немесе схемасының өзгеруіне, өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақау бұйымның ішіне бөгде заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлардың енуінен, бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген агрессияшыл ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаған болса.
- Бұйым (сериялық нөмірі) сәйкестендірілмеген немесе сәйкестендіруі болмаған жағдайда. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен туындаса; БЖ жеткізушісі бұл қызметті ұсынбауына байланысты бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соқтырған құпия сөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюдан пайда болса.
- Егер жұмыстың ақаулары қуат көзі, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедері ерекшеліктерінен және өзге ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат көзі элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін мазмұнды алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты болса (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және ұқсас бағдарламалар).
- Осы бұйыммен байланыста жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залал үшін.



[www.finepower.ru](http://www.finepower.ru)